

Қазақстан Республикасының кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (атқарушылық іс жүргізу мәселелері бойынша)

Қазақстан Республикасының Заңы 1998 жылғы 30 маусымдағы N 252

Қазақстан Республикасының мынадай заң актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1963 жылғы 28 желтоқсандағы Қазақ КСР Заңы бекіткен Қазақ КСР Азаматтық істер жүргізу кодексіне (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі мен Үкіметінің Жаршысы, 1964 ж., N 2; Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1980 ж., N 50, 215-құжат; 1981 ж., N 36, 612-құжат, 1982 ж., N 2, 23-құжат; N 4, 53-құжат; 1983 ж., N 41, 435-құжат; 1984 ж., N 36, 447-құжат; 1985 ж., N 19, 192, 193-құжаттар; N 49, 514-құжат; 1988 ж., N 2, 19-құжат; N 15, 148-құжат; N 16, 159-құжат; 1990 ж., N 11, 110-құжат; 1991 ж., N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 11-12, 294-құжат; N 24, 597-құжат; 1993 ж., N 8, 161-құжат; N 17, 419, 424-құжаттар; 1995 ж., N 23, 140-құжат; Қазақстан Республикасы Үкіметінің Жаршысы, 1997 ж., N 1-2, 8-құжат; N 11, 152-құжат):

86-бапта:

4) тармақша алып тасталсын;

5) тармақша 4) тармақша болып есептелсін;

194-баптың бесінші бөлігі "сондай-ақ осы Кодекстің 206-бабының талаптарын түсіндіру" деген сөздермен толықтырылсын;

203-баптың бірінші бөлігі "іске қатысушы" деген сөздерден кейін

"сондай-ақ сот орындаушысының ұсынуы бойынша" деген сөздермен толықтырылсын;

206-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"206-бап. Шешімді орындау

1. Сот шешімі ол заңды күшіне енген соң немесе сот шешімімен белгіленген мерзім басталған соң он күннен кешіктірілмей, ал шұғыл орындау қажет болған жағдайларда - сот шешімі жария етілген күннен кейінгі күннен кешіктірілмей ерікті түрде орындалуға тиіс.

2. Сот шешімі ерікті түрде орындалмаған жағдайда, ол заңдарда көзделген тәртіппен мәжбүрлеп орындатылуға тиіс.

207-бапта:

3) тармақша алып тасталсын;

4) тармақша 3) болып есептелсін;

209-бап алып тасталсын;

338-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"338-бап. Мәжбүрлеп орындатылуға тиісті сот қаулылары

Мәжбүрлеп орындатылуға тиісті сот қаулылары:

- 1) азаматтық және шаруашылық істер бойынша сот шешімдері, ұйғарымдары мен қаулылары;
- 2) мүліктік өндіріп алу бөлігіндегі қылмыстық істер бойынша сот үкімдері мен қаулылары;
- 3) әкімшілік құқық бұзушылық жөніндегі істер бойынша мүліктік өндіріп алу бөлігіндегі соттардың қаулылары;
- 4) сот бекіткен мүліктік өндіріп алу бойынша бітім келісімдері;
- 5) заңдарда көзделген жағдайларда шетел соттарының шешімдері";

340-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"340-бап. Атқару құжаттары

Атқару құжаттары мыналар болып табылады:

- 1) сот қаулылары негізінде берілетін атқару парақтары;
- 2) халықаралық коммерциялық төрелік және өзге де соттардың шешімі, ұйғарымы, қаулысы негізінде берілетін атқару парақтары;
- 3) мемлекеттік нотариустардың атқару жазбалары;
- 4) әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдар (лауазымды адамдар) шығарған қаулылар;
- 5) халықаралық және шетелдік соттар мен төрелік соттар шешімдері негізінде берілетін атқару парақтары;
- 6) мерзімінде төленбеген, төлем төлеуші акцептеген төлем тапсырмалары;
- 7) заңмен көзделген жағдайларда өзге де органдардың қаулылары";

341-бапта:

бірінші бөлігі "заңды күшіне" сөзден кейін "және ерікті түрде орындау мерзімі аяқталған соң" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөлік "сот орындаушысына" деген сөзбен толықтырылсын;

үшінші бөліктегі "мемлекеттік, кооперативтік немесе басқа қоғамдық ұйымдардың" деген сөздер "қоғамдық бірлестіктердің, сондай-ақ меншік түріне қарамастан, ұйымдардың" деген сөздермен ауыстырылсын;

348-352-баптар алып тасталсын.

353-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"353-бап. Борышкерге іздеу салу

1. Алименттер өндіріп алу, мертігумен немесе денсаулықтың өзгедей

зақымдануымен, асыраушысының қаза болуымен келтірілген зиянды өтеу туралы істер бойынша, сондай-ақ борышкердің тұратын жері белгісіз болған өзге де жағдайларда, судья сот орындаушысының ұсынуы бойынша ішкі істер органдары арқылы борышкерге іздеу салу туралы ұйғарым шығарады.

2. Алименттер өндіріп алу туралы істер бойынша, іздеу салу кезеңінде кәмелетке толмаған балаларға жәрдемақы төлеген жағдайда, судья алимент бойынша берешектің пайда болғандығы туралы сот атқарушысының ұсынысы негізінде, төленген жәрдемақылар сомасын осы сомаларға он процент қоса есептей отырып, борышкерден өндіріп алуға атқару парағын беру туралы ұйғарым шығарады.

354, 367, 368-баптар, 39-41-тараулар және 369-427-баптар алып тасталсын;

428-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Өндіріп алушы немесе борышкер сот орындаушысының атқару ісін жүргізу процесіндегі әрекеттеріне немесе осындай әрекеттер жасаудан бас тартуына сотқа шағым жасауға құқылы."

2. 1984 жылғы 22 наурызда Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі қабылдаған Қазақ КСР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1984 ж., N 14, (қосымша); N 41, 534-құжат; 1985 ж., N 19, 190, 191-құжаттар; N 32, 325-құжат; N 45, 457-құжат; 49, 513-құжат; 1986 ж., N 13, 122-құжат; N 25, 242-құжат; N 31, 320-құжат; N 49, 506-құжат; 1987 ж., N 2, 19-құжат; N 16, 201-құжат; 29, 356-құжат; N 32, 421-құжат; N 41, 503-құжат; N 46, 560-құжат; 1988 ж., N 35, 324-құжат; 1989 ж., N 16, 129-құжат; N 27, 208-құжат; N 45, 364-құжат; N 49, 444-құжат; N 50-51, 458-құжат; 1990 ж., N N 12-13, 114-құжат; N 44, 410-құжат; N 48, 445-құжат; N 49, 461-құжат; 1991 ж., N 25, 318-құжат; N 26, 348-құжат; N 28, 373-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 4, 96, 98, 100-құжаттар; N 13-14, 323-құжат; N 15, 380-құжат; N 16, 400-құжат; 1993 ж., N 3, 42-құжат; N 4, 70-құжат; N 8, 159, 161-құжаттар; N 9, 220, 222-құжаттар; N 20, 468, 469-құжаттар; 1994 ж., N 4-5, 60-құжат; N 8, 134-құжат; N 15, 207-құжат; N 21-22, 272-құжат; 1995 ж., N 1-2, 17-құжат; N 5, 41-құжат; N 8, 55-құжат; N 9-10, 64-құжат; N 15-16, 105-құжат; N 17-18, 110-құжат; Қазақстан

Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., N 1, 177-құжат; N 14, 274, 277-құжаттар; N 15, 281-құжат; 1997 ж., N 6, 66-құжат; N 11, 146, 152-құжаттар; N 12, 184-

құжат; N 13-14, 208-құжат; N 22, 333-құжат):

185-2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

"185-2-бап. Соттар мен басқа органдардың қаулыларын орындауда сот орындаушысына кедергі келтіру

Азаматтардың немесе лауазымды адамдардың қажетті құжаттар, материалдар, мәліметтер беруден, қолма-қол ақша сомаларын немесе мүлікті тексеруге жіберуден бас тартуынан, шақыру бойынша келуден, атқару құжаты бойынша өзге де әрекеттерді орындаудан бас тартуынан көрінетін сот орындаушысының заңды әрекеттеріне кедергі жасауы -

азаматтарға айлық есептік көрсеткіштің бес еседен жиырма есеге

дейінгі, ал лауазымды адамдарға - он бес еседен елу есеге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.";

мынадай мазмұндағы 185-6-баппен толықтырылсын:

"185-6-бап. Атқару құжатын жоғалтқаны үшін лауазымды адамның жауапкершілігі

Меншік нысанына қарамастан ұйымның лауазымды адамының өзіне орындау үшін берілген атқару парағын немесе басқа атқару құжатын жоғалтуы -

айлық есептік көрсеткіштің бес еседен жиырма есеге дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады."

248-1-баптың бірінші бөлігінің 4)тармақшасы "185-6" деген цифрмен толықтырылсын.

Қазақстан Республикасының
Президенті

оқығандар:

Багарова Ж.
Икебаева А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК